

Чех Республикасының Вице-Премьер-Министрі - Сыртқы істер министрі Цырил Свободаның Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 29 қаңтардағы N 22-ө өкімі

Қазақстан Республикасы мен Чех Республикасы арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту және 2004 жылғы 29-31 қаңтарда Астана қаласында Чех Республикасының Вице-Премьер-Министрі - Сыртқы істер министрі Цырил Свободаның Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мүдделі орталық және жергілікті органдармен бірлесіп, 2004 жылғы 29-31 қаңтарда Астана қаласында Чех Республикасының Вице-Премьер-Министрі - Сыртқы істер министрі Цырил Свободаның Қазақстан Республикасына ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

қосымшаға сәйкес Чех Республикасы делегациясының мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету жөнінде қажетті шаралар қ а б ы л д а с ы н ;

2004 жылға арналған республикалық бюджетте "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен сапарды өткізуге, соның ішінде тұруға арналған 473565 (төрт жүз жетпіс үш мың бес жүз алпыс бес) теңге сомасындағы шығыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша) Чех Республикасының делегациясы мүшелерінің әуежайлардағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, сондай-ақ жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі б е л г і л е н г е н т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, Чех Республикасының Вице-Премьер-Министрі - Сыртқы істер министрінің арнайы ұшағының Қазақстан Республикасының аумағы үстінен ұшып өтуін, Астана қаласының әуежайына қ о н у ы н ж ә н е ұ ш ы п ш ы ғ у ы н ;

Астана қаласының әуежайында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

5. Астана қаласының әкімі Чех Республикасының делегациясын күтіп алу және шығарып салу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін.

6. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

2 9

қ а ң т а р д а ғ ы

№

2 2

ө к і м і н е

қосымша

**Чех Республикасы ресми делегациясының мүшелерін
орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету
жөніндегі ұйымдастыру шаралары**

1. Чех Республикасы ресми делегациясының мүшелерін (1+5) және бірге жүретін адамдарды Астана қаласында "Окан Интерконтиненталь - Астана" қонақ үйіне орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерін "Окан Интерконтиненталь - Астана" қонақ үйіне орналастыру.

3. Баспа өнімдерін (бейдждер, автокөліктерге арнайы рұқсатнамалар, куверттік карталар, қабылдауға шақырулар) дайындау.

4. Чех Республикасы делегациясының басшысы мен мүшелері үшін сыйлық және к ә д е с ы й л а р с а т ы п а л у .

5. Чех Республикасы делегациясын Астана қаласының әуежайында күтіп алу және шығарып салу кезінде шай дастарханын ұйымдастыру.

6. Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Чех Республикасының Вице-Премьер-Министрі - Сыртқы істер министрі Цырил Свободаның құрметіне Астана қаласында ресми қабылдау ұйымдастыру.

7. Ресми делегацияның мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.